



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

странах мира. Спустя двести лет после принятия первых пяти французских кодексов в 1804-1810гг. стала сбываться и мечта Наполеона о создании единых Европейских законов.

«Я сеял семена свободы повсюду, где внедрялся мой Кодекс. Я боролся за равенство, мечтал установить всеобщую свободу совести и дать благо образования всем классам. Я хотел создать единый европейский свод законов и сделать Европу одной нацией (правда во главе с Францией) Соединенные Штаты Европы – вот моя мечта» (Наполеон Бонапарт).

Список использованных источников

1. Манфред А.З. Наполеон Бонапарт. М.: Мысль, 1998.
2. Тарле Е.В. Наполеон. М., 1991.
3. Туган-Барановский Д.М. У истоков бонапартизма: происхождение режима Наполеона I. Саратов, 1986. С. 107.

УДК 342.7 (722)

АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫ

Муратова Самал

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Құқықтану» мандығының 1-курс студенті, Астана, Қазақстан muratova22@list.ru

Ғылыми жетекші – Н.Д.Мырзатаев

Түйіндеме

Автор осы мақалада саяси тұрғыдан адам құқықтарының нормативтік қырларынан бұрын оның функционалды қырлары, яғни, ең алдымен, қазіргі саяси қауымдастықтардың дамуы мен тиімді қызмет етуі үшін адам құқықтарының мәні мен маңыздылығын түсінуді негіздейді. Қазіргі Қазақстан қоғамында адам құқықтары мен бостандықтары мәселесі аса маңызды мәселелердің

бірі. Құқықтар мен бостандықтар мәселесін қараған кезде құқықтар мен бостандықтардың барлығының толық көлемде жүзеге асуы нақты демократиялық құқықтық мемлекет болған жағдайда орын алатындығын атап өткен жөн.

Кілттік сөздер: адам және азамат, құқық, бостандық, Конституция, міндет

Адам құқықтары тұжырымдамасының дамуы жалғасуда. Ұлттық заңнамалар мен саяси тәжірибені адам құқықтарының халықаралық стандарттарына сәйкес келтіру маңызды мәселе болып отыр. Саяси тұрғыдан адам құқықтарының нормативтік қырларынан бұрын оның функционалды қырлары, яғни, ең алдымен, қазіргі саяси қауымдастықтардың дамуы мен тиімді қызмет етуі үшін адам құқықтарының мәні мен маңыздылығы түсінуді және негізделуді талап етеді. Мұның төңірегінде пайда болатын мәселелердің саяси ұшқырлығымен түсіндіруге болатын кең тараған пікірлер мен көзқарастардың бар екендігін айту керек. Осындай айырмашылықтардың болуына қарамастан теориялық та, тәжірибелік те жағынан жалпыға маңызды болып танылған бірқатар мәселелер бар. Осындай мәселелердің қатарына, мысалы, саяси қауымдастық мүшесінің құқықтары мен міндеттерінің арасындағы айырмашылықты жою мәселесі жатады. Әу баста, ежелгі замандағы полистік демократия жағдайында құқықтар мен міндеттер ажырамас компоненттер болып есептелген, өйткені құқықтардың өзі азаматтық міндеттерді орындау құқығы саналған, ал бұл міндеттерді орындау тек полис азаматтарының ғана артықшылығы (құқығы) ретінде түсінілген болатын. Қазіргі жағдайда формальді, механикалық түрде құқықтар мен міндеттерді тепе-теңдікке (балансқа) келтіру бойынша жасалған талпыныстар олардың функционалды бөлінуі мен қайшылықтарын жоюға, сондай-ақ саясат субъектілері арасындағы құқықтар мен міндеттердің ассимметриялық бөлінуін теңестіруге мүмкіндік бермей отыр [1, 310 б.].

Жалпы алғанда, Қазақстанның конституциялық құқық ғылымында азаматтардың міндеттеріне қатысты мәселе толық шешімін таба қойған жоқ. Дегенмен, бұл бағытта

орындалып жатқан ғылыми зерттеулер бар екендігін айтып кеткен жөн. Мәселен, қазақстандық зерттеуші А.Сманның докторлық диссертациясында азаматтардың конституциялық міндеттеріне ерекше көңіл бөлінген. Автор мұндай міндеттерді қоғамның эволюциялық дамуының объективтік нәтижесі ретінде белгілейді, әрі тұлғаның міндеті ретінде жеке дара, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерге сәйкес нормативтік-құқықтық тәртіпте бекітілген тұлғаның қажет етілетін, тиіс болатын жүріс-тұрысының шамасын қарастырады. Яғни, міндет жүктелген тұлғаның талап етілетін жүріс-тұрысты жүзеге асырудан басқа таңдауы болмайды. Міндеттің сыртқы көрінісі оның орындалуы арқылы байқалады, әйтпесе, керісінше жағдайда мемлекет тарапынан санкциялар қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар А. Сман құқықтық міндеттердің ішінен конституциялық міндеттерді бөлек ажыратып, оларды ҚР Конституциясында бекітілген жеке дара және қоғамдық мүдделерді қанағаттандыру үшін керек болатын ең маңызды құндылықтарды сақтау мен қорғауға байланысты әрі мемлекеттің мәжбүрлеу мүмкіндігімен қамтамасыз етілетін әрбір адам мен азаматқа қойылатын жоғарғы құқықтық талаптар ретінде анықтайды [2, 18 б.].

А.Сманның конституциялық міндеттерді бөлек қарастыру қажеттілігі жөніндегі ойынмен келісе отырып, оның Қазақстан заңнамасындағы конституциялық міндеттердің қалыптасу тарихын бөлек кезеңдерге бөліп көрсететінімен келісе алмаймыз, өйткені, біздің ойымызша, адам мен азаматтың құқықтары мен міндеттері, оның ішінде конституциялық құқықтары мен міндеттері ажырамас тұтастықты құрайды. Сондықтан да, құқықтар мен міндеттердің заңнамада қалыптасуын бөлек үдеріс ретінде қарастыру олардың ұштастығы қағидасын өрескел бұзады. Демек, мұндай әдістемелік тәсілді дұрыс деп есептеу қате болуы мүмкін.

Құқықтар мен міндеттер тұтастығы қағидасын А. Сманның өзі де бұрынырақ орындалған кандидаттық диссертациясында қарастырып, мойындаған болатын. Бұл еңбегінде автор осы қағиданы социалистік және буржуазиялық қоғамдарға қатысты бөлек қарастырған. Мәселен, социализм қоғамына байланысты ол былай дейді: азаматтардың құқықтары мен міндеттерінің тұтастығын социалистік құқық соңғы кезге дейін социалистік құқықтық жүйенің ең маңызды белгілерінің бірі ретінде қарастырып келді. Мұндай тұтастық социализмнің негіз қалаушы қағидаларының бірі болатын. Ал буржуазиялық қоғамда азаматтық міндеттер туралы әңгіме тіптен көтерілмейді, өйткені ол кезде құқықтарды жеңіп алу керек болады. Буржуазиялық мемлекет үшін құқықтарды қамтамасыз ету ең маңызды мәселе болған да және бола бермек те. Міндеттер ұғымы абстракция түрінде көрініс тапқандықтан, оның әлеуметтік жағынан не маңыздылығы, не жауаптылығы болмады. Буржуазиялық қоғамның бастапқы кезі мен кейінгі даму кезінде азаматтық міндеттерге мән берілмегендіктен, оларды қазіргі кезде де менсінбеушілік кездеседі. Қазіргі халықаралық жағдайда азаматтық міндеттердің халықаралық проекциясы жоқ, оларды халықаралық деңгейде бекіту және қамтамасыз ету жөнінде тіптен әңгіме көтерілмейді. Сондықтан да, азаматтық міндеттер халықаралық құқықтың институтына айналмастан, конституциялық құқық шеңберінде қала бермек [3, 15 б.].

Ресейлік ғалымдардың бұл мәселеге қатысты көзқарастарын да қарастырып көрейік. Мысалы, ресейлік зерттеуші Е.В. Гончарук өзінің «Конституциялық құқықтағы адам мен азаматтың негізгі міндеттері институты» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуінде конституциялық (яғни, негізгі) міндет ретінде «құқықтық қатынастар субъектісінің Конституцияда бекітілген қажетті жүріс-тұрыс ережесінің түрі мен шамасын» ұсынады. Автордың қорытындысы бойынша құқықтық міндеттің құрылымы субъективтік құқықтың құрылымына сәйкес келеді және субъективтік құқық индивидтің ашық іс-әрекет ету мүмкіндігі болса, міндет – белгіленген іс-әрекет ету қажеттілігі болмақ. Адам мен азаматтың негізгі міндеттері тұлғаның конституциялық мәртебесі институтының дербес бөлігін құрайды [4, 8 б.]. Е.В. Гончарук конституциялық құқықтағы адам мен азаматтың негізгі міндеттері жүйесін талдауға алу арқылы негізгі міндеттерді әрбір адамға тиесілі әмбебаптық және нақты мемлекеттің азаматына тиесілі жекелеген азаматтық міндеттер деп бөлуді ұсынады [4, 9 б.].

Конституциялық құқықтағы тұлғаның құқықтары мен міндеттерінің ұштасуына байланысты тағы бір зерттеушінің еңбегінде түйінделген бірқатар қорытындыларды атап өту керек:

- құқықтар мен міндеттердің тұтастығы мен өзара ықпалдастығын конституциялық құқықтың жалпы қағидасы ретінде тану керек. Осыған орай, құқықтың жалпы қағидалары дегеніміз – заңдардың мәтіндерінде көрініс тапса да, таппаса да, сот тәжірибесінде міндетті түрде қолданылатын объективтік құқықтың ережелері;

- құқықтар мен міндеттердің тұтастығы мен өзара ықпалдастығы қағидасын үш деңгейде қарастырған жөн:

- конституциялық құқық субъектілерінің конституциялық-құқықтық мәртебесіне кіретін құқықтар мен міндеттер деңгейінде (құқықты түсінудің нормативтік деңгейі);

- конституциялық құқықтық қатынастардағы субъектілердің құқықтары мен міндеттері деңгейінде (құқықтық түсінудің әлеуметтік деңгейі);

- бостандық пен жауапкершілікті түсіну деңгейінде (құқықтық түсінудің өнегелік деңгейі);

- құқық субъектісінің конституциялық-құқықтық мәртебесіндегі құқықтар мен міндеттердің өзара ықпалдастығының келесі түрлерін белгілеуге болады:

- біріншіден, құқық субъектілерінің құқықтық мәртебесіне кіретін құқықтар мен міндеттердің өзара қарапайым байланысы;

- екіншіден, бір құқықтың (міндеттің) екінші құқыққа (міндетке) қатысты бастапқылық сипаты;

- үшіншіден, басқа құқықтарға (міндеттерге) қатысты негізгі құқықтың (міндеттің) болуы;

- төртіншіден, құқық субъектілерінің құқықтары мен міндеттерінің олардың конституциялық-құқықтық мәртебесіне және конституциялық құқық нормаларымен бекітілген олардың құқықтары мен міндеттерінің, өкілеттіктері мен жауапкершілігінің бөлінуіне сәйкес болуы;

- бесіншіден, мемлекеттік билік пен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, олардың лауазымды адамдарының өкілеттіктері тұтас құқық-міндет сипатына ие.

Конституциялық құқықтық қатынастардағы құқықтар мен міндеттердің өзара ықпалдастығының келесі түрлерін бөліп көрсетуге болады:

- біріншіден, конституциялық құқықтық қатынастағы құқық субъектілерінің құқықтары мен міндеттерінің қарапайым корреляциясы, яғни құқық субъектілерінің конституциялық құқықтық қатынастағы құқықтары мен міндеттерінің өзара байланысы конституциялық-құқықтық нормада бекітіліп, ешбір күмән туғызбайды;

- екіншіден, конституциялық құқықтық қатынастағы құқық субъектілері құқықтары мен міндеттерінің күрделенген корреляциясы, яғни құқық субъектілерінің конституциялық құқықтық қатынастағы құқықтары мен міндеттерінің өзара байланысы бірнеше конституциялық-құқықтық норманың негізінде анықталады. Сол сияқты конституциялық-құқықтық нормалар мен өзге де салалық нормалар негізінде анықталатын құқықтар мен міндеттердің байланысы күрделенген корреляциялық байланыстың бір түрі болып табылады (бұл құқықтар мен міндеттер корреляциясының конституциялық-бланкеттік түрі);

- үшіншіден, кейбір конституциялық-құқықтық нормаларда белгіленген біржақты құқықтар (міндеттер) құқықтық қарым-қатынас кезінде құқықтың өзге субъектілерінің жалпы міндеттерімен (құқықтарымен) міндетті түрде конституциялық-құқықтық байланысқа түседі. Жалпы міндеттер (құқықтар) ретінде құқық берілген құқық субъектілеріне жағдай туғызу, тиісті құралдармен қамтамасыз ету, кепілдіктер беру бойынша міндеттерді (талап ету құқықтарын) түсіну керек. Конституциялық құқықтағы жалпы құқықтар мен міндеттер Конституцияда белгіленген, оның нормаларының мазмұнынан туындайды немесе конституциялық заңнама нормаларында бекітіледі;

- конституциялық құқықтағы құқықтар мен міндеттердің тұтастығы мен өзара ықпалдастығы қағидасы деп конституциялық құқық субъектілерінің құқықтық мәртебесі деңгейіндегі, конституциялық қарым-қатынас үлгісіндегі құқықтар мен міндеттердің өзара ықпалдастығының жалпы заңдылықтарын көрсететін және конституциялық-құқықтық нормаларының ақаулықтары мен қайшылықтары болу жағдайында қоғамдық қатынастарды тиімді де келісілген түрде реттеуге арналған құқықтың жалпы қағидасын түсіну керек;

Конституциялық құқық субъектілерінің құқықтары мен міндеттерінің өзара ықпалдастығына тән ерекшеліктер белгіленді, олар:

- құқықты сақтау кезінде құқық субъектілері құқықтың барлық субъектілеріне қойылатын жалпы міндеттерді орындайды (Конституция мен заңдарды сақтау міндеті, баспанаға рұқсатсыз кірмеу міндеті және т.с.с.). Тұтастық пен өзара ықпалдастық қағидасына сәйкес осы жалпы міндеттер құқықтық қатынастағы нақты құқықтарға сай келеді;

- құқықтар мен міндеттердің тұтастығы олардың өзара ықпалдастығы тұрғысынан міндеттерді орындау екі түрге бөлінеді: талап бойынша және белгілену бойынша. Міндет нақты белгіленген құқық субъектісі үшін маңызды болатын жағдайда және осы субъектінің немесе басқа да құқық субъектілерінің талап қою құқығы негізінде орындала алатын болса міндеттің талап бойынша орындалуы туралы айтуға болады. Егер де міндет құқықтық нормада бекітілсе және ол өз еркімен орындалмаған жағдайда құқық субъектісінде міндеттің орындалуы бойынша талап қою құқығы пайда болатын болса, онда міндеттің белгілену бойынша орындалуы туралы айтуға болады;

- конституциялық құқықтың орындалуы конституциялық міндеттің орындалмауына алып келмеуі тиіс. Егер конституциялық құқықтың қолданылуы конституциялық міндеттің алдын-ала орындалуын талап етсе, осы талап орындалғаннан кейін ғана конституциялық құқықты қолдануға болады;

- құқықты жүзеге асырудың ерекше нысаны ретінде құқықты қолдану конституциялық құқықтың құқық жүктелген арнайы субъектілері үшін «құқық-міндет» болып табылады [5, 9-12 б.].

Қазіргі Қазақстан қоғамында адам құқықтары мен бостандықтары мәселесі аса маңызды мәселелердің бірі, өйткені тоталитарлық жүйеден арылып, тәуелсіз егеменді мемлекет құру кезеңінен баста, біздің еліміз азаматтық қоғам мен соған негізделген демократиялық құқықтық мемлекет құруға бел бұды.

Мұның дәлелі Қазақстан Конституциясының 1-ші бабындағы - мемлекеттің ең қымбатты игілігі адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары, – деген ереже [6]. Сонымен қатар Конституциямыздың азаматтар мен адам баласына арналған ережелеріне көз жүгіртсек, олардың басым көпшілігінде тұлғаның құқықтары мен бостандықтары туралы көбірек айтылып, оның міндеттеріне тіптен аз көңіл бөлінген. Мұндай теңсіздіктің болуын адам мен азамат құқықтары мен бостандықтарының тұлға өмірінің барлық қырларына қатысты болуымен, ал тұлға міндеттерінің ең алдымен қоғамдық тәртіпті сақтау қажеттілігімен түсіндіреді. Бұл дұрыс болар, бірақ қазіргі Конституциямыздың мәтінінде тұлғаның құқықтары мен міндеттерінің үнемі ұштасып отыратыны анық белгіленбеген.

Қазіргі кезде Қазақстанда экономикалық және саяси жағдай тұрақтанған кезде, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беру және олардың жүзеге асырылуы маңызды болып отыр.

Осы Конституцияда азаматтардың барлық құқықтары мен бостандықтарына кепілдік берілетіндігі бекітілген. Оларға экономикалық, саяси, әлеуметтік, ұйымдастырушылық, құқықтық, педагогикалық, тәрбиелік және сыртқы экономикалық кепілдіктер жатады. Әдетте, ғылыми әдебиетте адам құқығының экономикалық, саяси және идеологиялық кепілдіктері аталады. Кейде жалпы кепілдіктердің басқа да түрлерін, атап айтқанда қоғамдық, әлеуметтік және рухани түрлерге бөледі.

Қазақстанда адам құқықтарының жүзеге асырылуының мынадай түрлері жатады:

- 1) адам құқығының жағдайына қатысты альтернативтік заңдарды әзірлеуі;

- 2)

адам құқығын сақталуын бақылаушы мемлекеттік органдардың белсенділігін арттыруы;

- 3) сот, прокуратура қызметінің адам құқықтары мен бостандықтары саласындағы халықаралық нормаларға,

атап айтқанда азаматтық (жеке) және саяси құқықтары мен бостандықтарын сәйкестендіруі;

- 4) Қазақстан Республикасының Парламентінің адам құқықтары мен бостандық мәселелері бойынша кәсіби деңгейін көтеруі;

5) адам құқығы саласындағы халықаралық шарттарға еліміздің қосылуы немесе оларды ратификациялауы.

Қазақ тіліне адам құқықтары жөніндегі негізгі әдебиеттің, халықаралық шарттардың мәтіндерінің, адам құқықтары бойынша басқа конвенциялар мен құжаттардың аударылуын қамтамасыз ету қоғамда бұл салада сауаттылықтың күрт көтерілуіне алып келер еді.

Біздің республикамызда азаматтың (жеке) құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асырылу мәселесі ғылыми әзірлік тұрғысынан алғашқы сатысында болып отыр және осы салада кең ауқымда қызмет етуге болады. Бұл саладағы жұмыс құқықтық демократиялық әлеуметтік мемлекеттің қалыптасуына, Қазақстан халқының игілігіне қызмет етіп, ал түбінде жалпы адамзат құндылықтары болып табылатын жеке адамның абыройының нығайтуына қызмет етер еді. Қорыта келгенде Қазақстан Республикасының Конституциясы адамның құқықтық мәртебесіне қатысты халықаралық-құқықтық актілердің барлық ережелерін бекітетінін атап өткен жөн.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Права человека // Политология: Энциклопедический словарь / общ.ред. и сост.: Ю.И. Аверьянов. – М.: Изд-во Моск. коммерч. ун-та, 2000. – С.309-311.
2. Сман А. Правовое положение личности в Республике Казахстан (конституционно-правовой аспект): автореф. ... докт. юрид. наук.: 12.00.02. – Астана, 2008. – 58 с.
3. Сман А. Конституционно-правовые основы политических прав и свобод граждан Республики Казахстан: автореф. ... канд. юрид. наук.: 12.00.02. – Алматы, 2002. – 32 с.
4. Гончарук Е.В. Институт основных обязанностей человека и гражданина в конституционном праве: автореф. ... канд. юрид. наук.: 12.00.02. – М., 2005. – 24 с.
5. Царев О.В. Принцип единства и взаимодействия прав и обязанностей в конституционном праве: автореф. ... канд. юрид. наук.: 12.00.02. – Челябинск, 2005. – 26 с.
6. Қазақстан Республикасының 30 тамыз 1995 жылғы Конституциясы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. – 1996. - №4. – 217 бап. /Өзгертулер мен толықтырулар 2017 жыл.

УДК 340. 134

ВКЛАД ДЖОНА ОСТИНА В РАЗВИТИЕ ЮРИДИЧЕСКОГО ПОЗИТИВИЗМА

Мусаинов Азат Есенгалиевич

musainov.azat@mail.ru

Студент 3 курса юридического факультета ЕНУ им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель – М. Х. Жуманова

Стремительное увеличение количества изданных в Англии в первой половине XIX в. законов привело к изменению представлений о самом праве. Взгляд на право, как на комплекс традиций, вытесняется взглядом на право, как на совокупность законов. Право все более представляется инструментом политики государства и выступает как политическое требование. Этим изменениям соответствует стремление ряда правоведов сделать юриспруденцию «точной наукой».

Решающую роль при этом сыграли процессы формирования в наиболее развитых странах национального рынка, потребовавшие ликвидации пережитков средневекового устройства, расширения сферы законодательного регулирования общественных связей и установления единого для всей страны правопорядка. На этой почве сложились ранние концепции юридического позитивизма, для которых были характерны идеи верховенства закона как источника права, отождествление правовых норм с предписаниями государственной власти. Юридический позитивизм пришел на смену доктринам естественного права, господствовавшим в правовой мысли Западной Европы XVII — XVIII вв [1].